

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.147: 373.2

Қолжазба құқығында

**ШАУЕНОВА МЕРУЕРТ АУЕСХАНОВНА**

**У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде  
болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау**

6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
А.Е. Манкеш  
п.ғ.д., проф.  
Шетелдік кеңесші  
Yücel Gelişli  
доктор, профессор  
Гази университеті,  
Анкара, Түркия

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1 У.КАЙҚАУЫСТЫҢ «ҚАБУСНАМАСЫНДАҒЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТТЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>14</b>
1.1 У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайы.....	14
1.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлау мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде талдануы.....	28
1.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлауды әдіснамалық тұрғыдан негіздеу.....	42
<b>2 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТТЕРІН У.КАЙҚАУЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ДАЯРЛАУДЫҢ МАЗМҰНЫ.....</b>	<b>53</b>
2.1 У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары.....	53
2.2 У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары және олардың халық педагогикасымен сабақтастығы .....	64
2.3 У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	85
<b>3 «ҚАБУСНАМАДАҒЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТТЕРІН ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ .....</b>	<b>93</b>
3.1 Болашақ педагог-тәрбиешілерді У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлаудың шарттары.....	93
3.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлау мазмұны.....	101
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері.....	109
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>139</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>141</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>	<b>153</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыс мазмұнында сілтеме жасалынған нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана. 27 шілде 2007.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана, 12 сәуір 2017 ж.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы. 2018 жылғы 31 қазан.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2016 жыл. 12 тамыз. № 499.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс және тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы – Астана, 21 қараша 2018 ж.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жыл. 27 желтоқсан, № 293-VI

Педагогтің кәсіби стандарты. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ҚР Президентінің Жолдауы. 02 қыркүйек 2019 жыл.

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» ҚР Президентінің Жолдауы. 01 қыркүйек 2020 жыл.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**У.Кайқауыс** – Унсурулмаоли Кайқауыс ибн Искандер ибн Кабус ибн Вошимгир ибн Зияр – «Қабуснаманың» авторы, Табаристанның ұсақ феодалдық билеушілері әулетінен шыққан ғұлама ғалым.

**«Қабуснама»** – 1082-83 жж. дари-тәжік тіліндегі ұлттық дәстүрде жазылған, 44 тарау, 56 әңгімеден тұратын тарихи туынды.

**Идея** – адам санасындағы заттар мен құбылыстардың мазмұнын анықтайтын ой.

**Педагогикалық идея** – педагогтің педагогикалық іс-әрекетке қатынасын сипаттайтын және оның педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын құрайтын педагогикалық, әлеуметтік тұжырымдар, әдептілік ережелері мен ғылым, білімге қатысты идеялар және тұлғаның жеке басына тән имандылық-адамгершілік, өнегелік қағидалар жиынтығы.

**Мектепке дейінгі ұйым** – бұл мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың тәжірибесін жүзеге асырушы ұйым.

**Тәрбие** – балаларда жігерлілікті оятып және оны дамытуға бағытталған қызмет.

**Мектепке дейінгі тәрбие** – мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған қызмет.

**Кәсіп** – адамның, арнайы даярлықты, оқытуды, қабілет пен табанды еңбекті талап ететін әрекеті.

**Маман** – белгілі бір кәсіппен айналысатын адам.

**Мектепке дейінгі ұйым маманы** – мектепке дейінгі тәрбие және оқу ісімен айналысатын адам.

**Тәрбиеші** – бала тәрбиесімен айналысатын мамандық иесі.

**Тұлға** – нақты бір іс-әрекет түрімен айналысатын, білімді, өзіндік дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі қалыптасқан, өз әрекетіне сенімді адам.

**Даярлық** – тұлғаның рухани-адамгершілік және кәсіби сапаларының жиынтығы, белгілі бір тәсілмен және белгілі бір бағытта әрекет ету жағдайы, субъектінің өз іс-әрекетін белгілі бір жолмен бағдарлауға бейімділігі болып табылады.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы  
ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ҚР БҒМ БЖҒССҚК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті  
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
ЖОО – жоғары оқу орыны  
МДП – мектепке дейінгі педагогика  
МДҰ – мектепке дейінгі ұйым  
МДБ – мектепке дейінгі білім  
МДТ – мектепке дейінгі тәрбие  
МЖДБ – мектеп жасына дейінгі балалар  
ББ – бала бақша  
БТ – бақылау тобы  
ЭТ – эксперимент тобы

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектелігі:** Болашақ ұрпақтың азаматтық тұлғасы мен патриоттық сезімдерін дамытудың қайнар көзі – мектепке дейінгі кезең. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1] – ойлау негіздері, ақыл-ой, шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар бала кезден қалыптасады дей келе, «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керектігі» айтылады [2]. Ал Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «... кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру» [3] міндеттеліп отыр. Осыған орай, бүгінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мемлекет пен қоғам жаңалықтарына сәйкес елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл қазақстандық білім беру саясатын жүзеге асырудың басты міндеті ретінде: қазіргі жүйенің дамуын және сапасын қамтамасыз етуді, оның іргелілігін сақтауды, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті әрі келешектегі қажеттіліктеріне үйлесімділігі сияқты мәселелерін шешуді көздейді. Оның үстіне еліміздегі білім беру жүйесі мен қоғамды ізгілендіру педагог кадрларды даярлаудың деңгейіне талаптарды арттырып, педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрткі болған міндеттерін қайта қарауды қажет етуде.

«Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» [4] болғандықтан, аталған мәселені шешуде әрі тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен адамгершілік сапаларын жетілдіруде тарихи-мәдени мұраларды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты құрметтеуде, елдің қарқынды дамуына ықпал етуге бағытталған ортағасырлық тағылымдық туындыларды пайдалану маңызды рөл атқарады.

Қазіргі қоғамда жастарды ортағасыр мұралары негізінде тәрбиелеудің маңызды бірнеше себебін атауға болады: жас ұрпақтың ақпараттану деңгейі өсуде; жастар аға ұрпақтың үлесіне тиген халықтық тәрбие мектебінен өткен жоқ; демократияландыру мен жаһандану жүйесінің пайда болуы жастардың ұлттық тәрбиенің маңызын арттыруда тарихи-мәдени мұралардың мәнін түсінуінде қиындықтар тудыруда. Әрине Батыс Еуропа елдерінен енген оқу-тәрбие әдістерінің Қазақстан жағдайына бейімделуі орынды. Дегенмен дамыған үйлесімді тұлға тәрбиелеу ісінде өткен ғасыр ойшылдары мұраларының маңызын ескерген жөн. Себебі ортағасыр туындылары бала тұлғасына табиғи, жүйелі, көп деңгейлі ықпал етуге, ділдің тиісті түріне бағытталған тұрақты құндылық болып саналады. Архаикалық дәуірдің барлық ұлы өркениеттерінің педагогикалық жүйелері ғасырлар бойғы халықтық дәстүрлерден жинақталып, құрылуы кездейсоқ емес (Гректің «Платон заңдары», Үндінің «Ману заңдары», Қытайдың «Сяо трактаты» т.б.). Мұндай өнегелік дәстүрлер сабақтастығы түркі халықтарында да бар (Ә.Фирдауси «Шахнамесі», Н.Хысрау «Насихатнама», Ж.Баласағұнидің «Құтты білігі» және т.б.). Біздің зерттеуімізге арқау болған, XI ғ. жазылған халықтық туынды – «Қабуснама» осындай еңбектердің бірі.

Демек тарихи мұралар туралы жастардың түсінігі, өзіндік ұстанымдары дұрыс қалыптасуы үшін халықтық дәстүрде тәрбиелеуді жаңа сапалы деңгейде іске асыру мен болашақ педагог мамандар даярлау үдерісінде ортағасырлық ойшылдардың еңбектерін пайдалану мәселесінің қазіргі теориялық негіздерін жасау қажеттілігі туындайды.

Әрбір қоғам өз дамуында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл-ойын, тәрбие тәжірибесін зерделеп, заманауи талаптарға сай жетілдіріп, пайдаланып отырған. Ұлы дала ойшылдары әл-Фараби [5], ибн Сина [6], М.Қашқари [7], У.Кайқауыс [8], Ж.Баласағұни [9] және т.б. педагогикалық идеялары болашақ ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу тірегі. Бұл дәстүр ХІХ ғ. ағартушылары Ш.Уәлиханов [10], Ы.Алтынсарин [11], А.Құнанбаевтың [12] бертін келе, А.Байтұрсынов [13], М.Жұмабаев [14], Ж.Аймауытов [15], М.Дулатов [16], Х.Досмұхамедов [17] және т.б. педагогикалық ойларымен ұласып, ұлттық тәрбие құндылықтарын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті.

Мектепке дейінгі ұйым білім беру жүйесінің бірінші сатысы және тұлға дамуының бастауы болғандықтан, аталған сала қызметінің қиындығы мен көпқырлылығы тәрбиешінің адамгершілік қасиеті мен кәсіби даярлығына және тұлғалық дамуының жоғары деңгейіне ерекше талап қояды.

Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің қалыптасуы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының ашылуы, олардың дамуы, аталған мекемелерде тәрбие беру үдерісін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыру, осы сала педагогтерін даярлау, мектеп жасына дейінгі баланы дамыту, тәрбиелеу мәселелері көрнекті педагог-ғалымдар А.Байтұрсынов [13], М.Жұмабаев [14, б. 160], Ж.Аймауытов [15], Н.Құлжанова [18] және олардың ізін жалғастырушылар Б.Баймұратова [19], А.Меңжанова [20], Қ.Меңдаяқова [21], Б.Арзанбаева [22], Ә.Әмірова [23], Р.Аралбаева [24], А.Манкеш [25], С.Жиенбаева [26], Ф.Жұмабекова [27], Р.Керімбаева [28], С.Бәтібаева [29], Ғ.Таубаева [30], А.Елкеева [31], Г.Метербаева [32], М.Ибраева [33] т.б. еңбектерінде қарастырылған. Бұл ғылыми-педагогикалық еңбектер еліміздің МДҰ-ның іс-тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр.

Кеңестік ғалымдардан А.Запорожец [34], Д.Эльконин [35], В.Давыдов [36] еңбектерін атауға болады. Аталған ғалымдар мектеп жасына дейінгі кезенді баланы мақсатты бағытталған әлеуметтендіру мен халықтық мәдениетке қосу үшін ең қолайлы деп санайды.

МДҰ-ға арналған білім беру бағдарламалары мазмұны мектеп жасына дейінгі бала тілін дамытуда фольклордың шағын түрлерін қолдану, баланың бейнелеу шығармашылығын халықтық сәндік-қолданбалы өнері үлгісімен дамыту, дене тәрбиесінде, экологиялық және музыкалық тәрбие беруде халық шығармашылығы туындыларын кіріктіру жұмыстарын қамтиды.

ЖОО-ның оқу үдерісінде мектепке дейінгі кәсіп педагогтерін даярлау мәселесін шешудің тиімді жолдарын анықтауда Е.Панько [37], В.Поздняк [38], В.Ядэшко [39], Н.Михайленко [40] т.б., ал кәсіби-педагогикалық біліктілік, іс-әрекет мазмұны, құрылымы мәселелерін зерттеуде В.Логинова [41], К.Прахова [42], П.Самарукова [43], Л.Семущина [44] т.б. еңбектері елеулі үлес қосты.

Алайда жоғарыдағы зерттеу еңбектеріне жүргізілген талдау нәтижелері МДҰ педагогтерін даярлау үдерісінде халықтық педагогика құралдарының бір – ортағасырлық Шығыс ойшылдарының даналық идеяларын пайдалану мәселесі жеткіліксіз екендігін дәлелдеп отыр.

Ортағасыр ойшылдарының тәлімдік идеяларының қалыптасуы мен даму тарихын және оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мәселесі бойынша зерттеулерде отандық педагогика, психология ғылымдары саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Мысалы ғалымдар Қ.Жарықбаев [45], С.Қалиев, А.Көбесов [46], Т.Ахметов [47], Ә.Көшербаева [48], К.Ыбраева [49], Қ.Сарбасова [50], Қ.Әтемова [51] және т.б. зерттеу еңбектерінің орны ерекше. Шетел ғалымдарынан әдіснамалық тұрғыдан Г.Виноградов [52], Г.Волков [53] т.б. еңбектерін атауға болады.

Бірақ аталған ғылыми еңбектер қатарынан «Қабуснамаға» қатысты арнайы зерттеуді кездестірмедік. Бұл У.Кайқауыс еңбегі мүлдем зерттелмеді деген сөз емес. Шығыс пен Батыста «Қабуснама» ғалымдар назарын өзіне ертеден-ақ аударған. У.Кайқауыс ілімінің жекелеген қырлары көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болды. Себебі тәрбиенің өмірлік сипаты және табиғаты өткеннің мәдени тәжірибесі мен тәрбие аспектілерін Шығыс ойшылдарының мұраларынан іздеу керектігін байқатуда.

Отандық ғалымдардан «Қабуснаманың» педагогикалық құндылығын ескеріп, өз зерттеулеріне тірек еткен Ғ.Айдаров [54], Т.Айнабеков [8,с. 157], Қ.Сарбасова [50,б. 243], Қ.Әтемова [51,б. 351], А.Оңғарұлы [55], М.Сарбасова [56], Ж.Меңдіқұлова [57], т.б., шетел ғалымдарынан Е.Бертельс [58], И.Брагинский [59], М.Раджабов [60], Т.Гольц [61], Ю.Гелишли [62], А.Крымский [63], Э.Браун [64,65], Е.Э.Бертельс [66], Я.Рипка [67], т.б. еңбектерінің құндылығын атауға болады.

«Қабуснаманы» зерттеумен айналысқан Иран ғалымдары С.Нафиси [68], М.Бахор [69], доктор З.Сафо [70], А.Бадави [71] т.б. және тәжік ғалымдары Г.Юсуфи [72], И.Садик [73], М.Арипов [74], М.Муллоахмадов [75], К.Восье [76], А.Абдуллоев [77], Г.Закиров [78], Р.Сативалдиев [79], т.б., сондай-ақ өзбек ғалымдары У.Каримов [80], С.Далимов [81] т.б. еңбектерінің орны бөлек.

Осылайша тарихи-педагогикалық зерттеулерді талдау қазіргі уақытта ортағасыр туындыларының тағылымдық әлеуеті айқындалып, оны біртұтас тәрбие үдерісінде жүзеге асырудың теориялық негізі қаланғанын дәлелдейді. Зерттеу жұмыстарының басым бөлігінде ұрпақ тәрбиесінде ортағасырлық мұралардың педагогикалық әлеуетін пайдаланудың практикалық қажеттілігі мен оларды жүзеге асырудың маңыздылығы мойындалады. Дегенмен отандық және шетел әдебиеттерін талдау нәтижесі У.Кайқауыс идеяларының жекелеген қырлары болмаса, арнайы зерттеу нысаны болмағанын дәлелдеп отыр. Демек:

- У.Кайқауыс мұрасындағы педагогикалық идеялардың арнайы зерттелмеуі және олардың тәрбиелік әлеуеті негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлау мәселесінің қарастырылмауы;



- «Қабуснамадағы» тағылымдық идеяларды студенттерге меңгерту қажеттілігі мен олардың негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың әдістемесі жоқтығы арасындағы **қарама-қайшылықтар** байқалады.

Бұл қарама-қайшылықтар болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары арқылы даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеп және оның тәжірибелік жолдарын айқындау мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын **«У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау»** деп таңдауымызға себеп болды.

**Зерттеу мақсаты:** У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеп, оны ЖОО тәжірибесінде пайдаланудың моделін жасау, әдістемесін әзірлеп, тәжірибеден өткізу.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісі

**Зерттеу пәні:** болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлау.

**Зерттеу болжамы:** егер, «Қабуснама» мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасалынып, оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану әдістемесі әзірленсе, онда бұл еңбектегі тәрбие мәселелері туралы деректер болашақ МДҰ педагогінің тұлғасын жетілдіруге нақты үлес қосар еді, **өйткені** бұл жағдайда олардың рухани-адамгершілік сапалары артып, кәсіби білімдері кеңейіп, біліктіліктері мен тағылымы арта түседі.

**Зерттеудің міндеттері**

1. У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайын анықтау;

2. Болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу;

3. У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастауларын және олардың халық педагогикасымен сабақтастығын анықтау;

4. У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру және даярлау шарттарын анықтау;

5. Болашақ МДҰ педагогтерін «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесін жасау, тәжірибеден өткізіп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** қазіргі рухани жаңғыру жағдайында У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары болашақ МДҰ педагогінің тұлғалық-адамгершілік, кәсіби мәдениетін дамытып, ұлттық негізде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:** зерттеудің әдіснамалық негізі қоғамның қазіргі рухани өміріне өткен ұрпақтың адамгершілік тәжірибесін ендіру мәселесін қарастыратын философ, педагог-психологтердің

қағидалары, ал бастапқы теориялық ұстанымдар халықтық педагогикалық тәжірибенің адамгершілік-өнегелік мәнді тұжырымдамаларына негізделеді.

**Зерттеу көздері:** зерттеудің басты қайнар көзі әлемнің ең үлкен кітапханаларында түпнұсқа тілінде (парсы тілі) сақталып, әртүрлі қолжазбалар негізінде жарық көрген У.Кайқауыстың «Қабуснамасы» және зерттеуге қатысты философтардың, педагог-психологтардың, фольклортанушы және өнертанушылардың ғылыми еңбектері, ҚР Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің ресми құқықтық құжаттары, МДҰ нормативтік құжаттары, тұжырымдамалары және т.б., ҚР Ұлттық кітапханасы мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы кітапханасы, сондай-ақ, Гази университетінің (Түркия) кітапханасы қорларының материалдары.

**Зерттеу әдістері:** теориялық (зерттеу мәселесіне қатысты философия, этнография, педагогика, психология, тарих, өнертану, әдебиеттану, ғылымдары саласында жазылған ғылыми әдебиеттерді жинақтау, тарихи-әдіснамалық, тарихи-салыстырмалық, жүйелілік тұрғыдан талдау, қорыту); эмпирикалық (сауалнама, бақылау, әңгімелесу, педагогикалық эксперимент); статистикалық (зерттеу нәтижелерін математикалық, статистикалық тұрғыдан өңдеу).

**Зерттеу кезеңдері:** 1-кезеңде (2015-2016 жж.) мәселенің көкейкестілігі мен зерттелу жайы айқындалып, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер мен зерттеулер қаралып, талданды. Зерттеудің ғылыми аппараты анықталып, У.Кайқауыс мұрасын талдау мен оған қатысты ортағасыр педагогикалық ой-пікірлері бойынша материалдармен және ғылыми зерттеу еңбектерімен танысу жұмысы жүргізілді.

2-кезеңде (2016-2017 жж.) У.Кайқауыстың мұрасы «Қабуснама» ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талданып, ізденіс нәтижелері ғылыми баспа беттеріне жарияланды. У.Кайқауыстың педагогикалық ілімін жоғары білім беру жүйесінде ғылыми-әдістемелік және ақпараттық тұрғыдан пайдалану үшін элективті курс бағдарламасы әзірленіп, эксперимент жұмысы жүргізілді.

3-кезеңде (2017-2018 жж.) зерттеу жұмысының нәтижелері қорытылып, бір жүйеге келтірілді. Зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды. Ғылыми еңбектің толық мәтіні жазылды.

**Зерттеу базасы:** Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы**

1. У.Кайқауыстың туындысы «Қабуснама» алғаш педагогикалық зерттеу тақырыбына айналып, У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайы анықталды;

2. Болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлау теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді;

3. У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары және олар халық педагогикасымен сабақтастықта анықталды;

4. У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, даярлау шарттары анықталды;

5. Болашақ МДҰ педагогтерін «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі жасалып, тәжірибеден өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді.

#### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

1. Болашақ педагог-тәрбиешілерді У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары арқылы даярлауға арналған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлау» атты элективті курс бағдарламасы, «У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары» атты дәрістер жинағы әзірленді;

2. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның педагогикалық ойлар тарихын тереңірек оқып-үйрену үшін мүмкіндік туғызады және педагогтер: педагогика, педагогика тарихы, мектепке дейінгі педагогика тарихын, балалар әдебиеті, этнопедагогиканы оқыту барысында, ал студенттер У.Кайқауыстың тарихи мұрасын оқып-үйрену бойынша өзіндік жұмыстар, эссе, баяндамалар, диплом жұмыстарын жазуда, практикалық іс-әрекеттерінде қолдана алады.

#### **Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру**

Зерттеу барысында жарық көрген ғылыми-зерттеу мақалалары:

1. Кайқауыстың өмірі мен педагогикалық мұрасы. Абай атындағы ҚазҰПУ-ті. Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. №1 (49), 2016 ж., Алматы. ISSN 1728-5496;

2. Кайқауыстың педагогикалық идеяларының бастаулары. Абай атындағы ҚазҰПУ-ті. Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. №4 (52), 2016 ж., Алматы. ISSN 1728-5496;

3. Кайқауыс заманындағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдің сипаттамасы. Ұлы түркі ойшылы Ж.Баласағұнның 1000 жылдығына арналған «Жүсіп Баласағұн: гуманистік педагогика негіздері және заманауи Білім беру». Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. Алматы, - 2016.;

4. Кайқауыс идеяларындағы білім беру мен тәрбие беру жолдары. Вестник АПНК. №1 (75), 2017 ж.;

5. Pedagogical ideas of "Qabus nama" written by Keykavus. European Journal of Natural and Social Sciences 2017; ISSN 1805-3602;

6. Relationship between the pedagogical ideas of "Qabusname" and folk pedagogy. The 3rd International conference "Science and society". Accent Graphics Communications & Publishing, Hamilton, Canada. 2018; ISBN 978-1-77192-360-6;

7. У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларының негізін қалаған аспектілері. «Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың әдіснамасы мен практикасы» атты ғылыми-практикалық конференция. Алматы қ. 20 сәуір, 2018 ж.;

8. Кайқауыстың педагогикалық идеяларын мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлауда пайдалану. «Рухани жаңғыру: ғылыми мұра және

ұлттық құндылықтар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Өскемен қ. 17-18 мамыр 2018 жыл;

9. Keikavus ideas about education and upbringing ways. Anais da Academia Brasileira de Ciencias (2018) 90 (2): pp. 2058-2068 (Annals of the Brazilian Academy of Sciences) Printed version ISSN 0001-3765 / Online version ISSN 1678-2690;

10. İlköğretim Sekizinci Sınıf Öğrencilerinin Meslek Seçimine Etki Eden Değerler (Mardin İli Örneği). Elementary Education Online, 2018; 17(4): pp. 2216-2228.

11. Тарихи мұралар – рухани тәрбие бастауы. «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2019. -178-182 бб.

**Жарияланымдар:** диссертация жұмысының мазмұны бойынша 11 еңбек жарық көрді: 1 мақала – Scopus дерекқоры базасына кіретін басылымда, 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 – Thomson Reuters базасындағы басылымда (нөлдік ИФ көрсеткіш), 1 мақала – алыс шетел басылымында, 1 мақала – алыс шетелде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында және 4 мақала – Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланды.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі:** философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен, әдіс-тәсілдердің зерттеу мақсатына сәйкес қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері өңделіп, алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Кайқауыс өмір сүрген тарихи дәуір – бұл экономиканың, әлеуметтік-саяси өмірдің жақсы деңгейде және оқу-білімнің, ғылым мен мәдениеттің, тәлім-тәрбиенің жаңа сапада дамып, өркендеу кезеңінің көрінісі;

2. Болашақ педагог-тәрбиешілерді Кайқауыстың педагогикалық идеялары арқылы даярлаудың теориялық-әдіснамалық негізі болашақ МДҰ педагогтері тұлғасының рухани-адамгершілік қасиеттерін және оның кәсіби даярлығын қарастыратын психологиялық-педагогикалық теориялар жүйесі;

3. У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларының халықтық педагогикамен сабақтастырыла ұсынылуы болашақ МДҰ педагогтері тұлғасының дамуына кешенді, көп деңгейлі ықпал ететін әмбебап құралдар мен тәсілдер жиынтығы;

4. У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі болашақ МДҰ педагогінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз ететін ұстанымдарын, шарттарын, компоненттерін, құралдарын, әдіс-тәсілдері мен формаларын ашып көрсететін теориялық, әдіснамалық және әдістемелік сипаттағы қағидалар

жиынтығынан түзілген құрылым және даярлау шарттары олардың өзара байланысын, өзарашарттастығы және зерттеу мақсатын жүзеге асыру, сол арқылы болжамды тексеру мүмкіндіктері болып табылады;

5. Болашақ МДҰ педагогтерін «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие жұмысында пайдалану, оның шығармашылық қабілеттерін тәрбиені ұйымдастырудың әртүрлі формаларында дамытуды жақсарту, яғни студенттің адамгершілік-тұлғалық және кәсіби іс-әрекеті деңгейі тұрғысынан келу жиынтығын білдіреді.

**Диссертацияның құрылымы:** диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің ғылыми аппараты: тақырыптың өзектілігі, мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, ғылыми болжамы, жетекші идеясы, зерттеу әдістері, кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

**«У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** атты 1-тарауда У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайы, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлау мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде талдануы мен болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлауды әдіснамалық тұрғыдан негіздеу сипатталады.

**«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлаудың мазмұны»** атты 2-тарауда У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары және У.Кайқауыстың идеялары халық педагогикасымен сабақтастықта анықталып, У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды.

**«Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың әдістемесі»** атты 3-тарауда У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлау шарттары мен У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлау мазмұны және зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың нәтижелері берілді.

**Қорытындыда** зерттеу жұмысының нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ұсыныстары жасалды.